



ХҒТАР 16.01.09
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6887/2024-147-2-275-292>

М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі тағам атауларының қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы

М.М. Қосыбаев*^{ID}, Б.С. Жиёмбай^{ID}, А.Р. Халметов^{ID}

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: kossybayev_mm@enu.kz, zhiembai_bibigul@mail.ru, alisher_01@mail.ru)

Аңдатпа. Тамыры терең түркі өркениетін жаңғырту жолында түбі бір түркі халықтарының өткен тарихы, тілі, әдебиеті, мәдениеті, тұрмыс-тіршілігі, мифологиялық діни наным-сенімдері мен материалдық құндылықтарынан хабар беретін жазба ескерткіштерді қай қырынан болмасын зерттеп-зерделеу маңызды орын алады. Тек қазақ қана емес, бүкіл түркі халықтарының ортақ мұрасы болып саналатын Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрік» еңбегі тілін жан-жақты саралау, орта ғасырлық түркілердің дүниетанымы мен болмысын ашып көрсететін тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын ашу өзекті мәселелердің қатарына жатады. Мақалада Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі («Түрік сөздігі») тағам атауларының сандық-тақырыптық жіктелімі жасалып, олардың этимологиялық негізі қарастырылады.

Түйін сөздер: орта ғасыр, жазба ескерткіш, Махмұт Қашқари, «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі, этимология, ас-тағам атаулары.

Түсті: 01.06.2024; Мақұлданды: 14.06.2024; Онлайн қолжетімді: 28.06.2024

Кіріспе

Елімізде білім, ғылым және мәдениет саласын дамытуға бағытталған жүйелі реформалар жоғары деңгейде жүргізілуде. ЮНЕСКО Бас конференциясының 42-сессиясында (2023 жылғы 9 қараша) Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Түркия, Түркіменстан мен Өзбекстанның «Диуани лұғат ит-түрік» атты түркі тілдерінің тұңғыш энциклопедиялық сөздігінің 950 жылдығын атап өту туралы бірлескен ұсынысының қабылдануы – қазақ мәдениетінің дүние жүзінде дәріптелуіне, Қашқаритану ілімінің ғылыми дамуына жол ашары анық. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Махмұт Қашқари мұрасының түркі халықтары үшін маңызы жоғары.

Махмұт Қашқари – түркі халықтарының тілі мен әдебиетіне, тарихы мен тағдырына, географиясы мен мифологиясына, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салтына жіті ден қойып, қоғам дамуын, кезең көріністерін, әлеуметтік-мәдени ортасын, саяси құрылымдарын кеңінен зерделеген энциклопедиялық еңбек қалдырып, түркітану ғылымының негізін қалаған жалпытүркілік тұлға. Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі арқылы түркі халқының ұлылығын танытты, түркі тілінің жасампаздығын жариялады және түркі өркениетінің рухани күш-жігерін, елдік парасаты мен ғылыми дүниетанымын паш етті.

Зерттеудің мақсаты – орта ғасыр жазба ескерткіші Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі ас-тағам атауларының сандық-тақырыптық жіктелімін жасау және кейбір атаулардың этимологиялық негізін айқындау, олардың қазіргі түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының ұлттық тағам атауларымен салыстыра зерделеу.

Зерттеу әдіс-тәсілдері

Ас-тағам атауларын жинақтауда «Диуани лұғат ит-түрк» жазба ескерткішінің А.Қ. Егеубай тарапынан аударылған үш томдық «Түрік сөздігі» еңбегі пайдаланылды. Сонымен қатар ғылыми мақаланы орындау барысында тарихи-салыстырмалы зерттеу, жинақтау, сипаттау, топтау, жүйелеу, семантикалық талдау әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Махмұт Қашқари – түркі халықтарының тілі мен әдебиетіне, тарихы мен тағдырына, географиясы мен мифологиясына, әдет-ғұрпы мен тұрмыс-салтына жіті ден қойып, қоғам дамуын, кезең көріністерін, әлеуметтік-мәдени ортасын, саяси құрылымдарын кеңінен зерделеген энциклопедиялық еңбек қалдырып, түркітану ғылымының негізін қалаған жалпытүркілік тұлға.

Түркі әлемінің ірі тұлғасының өмір жолы мен ғылыми шығармашылығын зерттеу түркітану ғылымындағы Қашқаританудың негізін қалады. Махмұт Қашқари өзінің «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі арқылы түркі халқының ұлылығын танытты, түркі тілдерінің жасампаздығын жариялады және түркі өркениетінің рухани күш-жігерін,

елдік парасаты мен ғылыми дүниетанымын паш етті. Ұлы ғұламаның аяғынан тозып, ел аралап, мұра етіп жазып қалдырған сөздігі – түркі халықтарының ішіндегі тұңғыш грамматикалық еңбек.

Сөздіктің жазылу мақсатын М. Қашқари «Мен түркілердің зерек қабілет иелерінің бірі, әрі ұрыстағы шебер найзагері болғандығымнан, олардың шаһарлары мен далаларын түгел кезіп шықтым. Түрік, түрікмен, оғыз, жігіл, яғма, қырқыздардың сөздері мен сөйлеу мәнерлерін зерттеп, қажеттісін пайдаландым. Әрқайсысының тілі мен салты санама әбден қалыптасты. Соларды мұқият зерттеп, арнайы әліппелік тәртіпке келтірдім. Мәңгілік ескерткіш әрі таусылмас әдеби-көркем мұра болып қалсын деген ниетпен түркі елдерінің сөздігін жасап, кітапқа «Түркі сөздерінің жинағы» деп ат қойдым» деп жазып кеткен [1, 9 б.].

М. Қашқари еңбегі туралы алғашқы деректер XIV ғасырдан басталады. Андалузиядан шыққан көрнекті ғалым Абу Хайяның белгілі еңбегінде кездесетін үзінділер М. Қашқари шығармасынан алынған. Мысыр елінің әйгілі тарихшысы Б. Айна өзінің Еуропа, Сирия және Үндістан тарихына арналып жазылған бір еңбегінің «Түрік қауымдарының тарихы» деген бөлімінде қашқарлық ғалым ибн Мұхамедтің кітабынан алынған үзінділерден ондағы оғыз руларының таңбалары жөнінде, түркі тілдері мен ұйғыр жазуы жайында және түрікмен тілінің кейбір сөздері туралы бірсыпыра мәліметтер жариялайды. Махмұт Қашқаридың еңбегі туралы азды-көпті деректер шығыс елдеріндегі басқа да зерттеушілердің кітаптарында кездеседі.

Еуропаға тараған Махмұт Қашқари еңбегі жайындағы алғашқы хабарлардың бірі – 1904 жылы Венгер академиясы жариялаған «Лингвистикалық жинақтағы» мәлімет. Онда түркі тілдері жайында XI-XV ғасырларда жазылған еңбектерге шолу жасалатын мақалада араб-түрік тілдерінде жазылған еңбектердің ең бір ескісі деп осы «Диуани лұғат ит-түрк» көрсетіледі.

Түркітану ғылымында Махмұт Қашқари және оның еңбегі бірқатар ғалымдардың зерттеу нысанына айналды [2; 3]. XX ғасыр басында Р. Килисли қолжазбаның алғашқы көшірмесін жасап, ғылыми ортаға ұсынғаннан бастап М. Хартман, Ф. Көпрүлү, К. Броккельман, Г. Бергштроссер, В.В. Бартольд, С.Е. Малов, А.Н. Кононов, Б. Чобанзаде, П.К. Жузен, Дж. Велидов, А. Фитрат, А.З. Велиди Тоған сынды ғалымдардың назарына ілінді.

Жинақ жайлы түркі халықтарының ішінде алғаш зерттеу жүргізгендердің қатарында Алашорда ардагері, қазақ зиялысы Х. Досмұхамедұлы [4] болды. XX ғасырдың 30 жылдары Б. Аталайдың жазба ескерткішті түрік тіліне аударуы араб тілін біле бермейтін түркітанушы ғалымдарға жәдігерді зерттеуге үлкен мүмкіншілік туғызып, Қашқаритану ілімінің даму қарқынын ілгерілетті [5]. 1960 ж. С. Муталлибовтың еңбекті өзбек тіліне аударуы фонетика-грамматикалық, лексикалық тілдік материалдар негізінде түркі тілдерінің тарихын тереңірек зерттеуге жол ашты.

1982-1985 жылдары Дж. Клосон [6] мен Дж. Келли [7] «Диуани лұғат ит-түрік» еңбегінің алғаш ағылшын тіліндегі аудармасын басып шығарды. М.Ш. Үлкүташыр [8], С. Ахаллы [9], И.В. Стеблева [10], Т.А. Боровкова [11], А.Б. Халидов [12], Э.Н. Наджип [13], И. Мути [14], Э. Трыярский [15], Р. Эрмерс [16], А.Р. Рустамов [17], И.В. Кормушин [18], Т. Токоев [18], К. Кошмоков [18], Х. Дүзгін [19] сынды ғалымдар еңбеке қатысты құнды ғылыми зерттеулер жасады.

Сондай-ақ А.М. Щербак [20], Э. Наджип [13], Э.Р. Тенишев [21], А.Н. Кононов [22], Б.О. Орузбаева, И. Кучкартаев, В.У. Махпиров ғұлама еңбегін жан-жақты саралап, ондағы лексикалық бірліктердің құрылымдық қабаттарын айқындап, грамматикалық ерекшеліктерін талдап көрсетті.

Қазақғалымдары М. Томанов [23], Ә. Құрышжанов [24], А.Т. Қайдаров [25], Ә. Ибатов [26], Қ. Әлжан [27], Ә. Қоңыратбаев [28], М. Жүнісова, С. Бейсенова, Б.Н. Садуов, Б. Ирмуханов, т.б ескерткіштің тілдік ерекшеліктері мен сипатын, ономастикалық атаулардың сырын, қыпшақ тіліне қатысын талдап көрсетті.

М. Қашқаридың «Түрік сөздігін» қазақша сөйлеткен ғалым А. Егеубай [2], орыс тіліне аударып, түркі лексемаларының тақырыптық индексін жасаған З.А. Әуезованың [3], жаңаша көзқараспен түрік тіліне аударған А.Б. Ержиласун мен З. Аккоюнлының іргелі еңбектері М. Қашқаридың түркі жұртына кеңінен насихатталуына жол ашты. Қазіргі түркітануда М. Қашқаридың сөздігі жан-жақты қарастыруды қажет етеді, оның тілдік деректері құнды материалдар берері анық [29; 30; 31].

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігіне зерттеушілердің есептеуі бойынша сегіз мыңнан астам сөздер мен диалектілер еніп, әрқайсысына автор жүйелі тоқталып өткен. Ғылыми мақаланы жазу барысында «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінің қазақ тіліндегі «Түрік сөздігі» нұсқасынан (3 томдық еңбек, аудармашы А. Егеубай) [1] ас-тағам атаулары теріліп алынды, олардың жалпы саны – 160-ты құрады, оның ішінде бүгінгі күнге дейін еш өзгеріске түспей, қазақ тілінде өнімді қолданылатын тағам атауларының саны – 27. Жинақталған тағам атауларды төмендегідей тақырыптық топтарға жіктеуге болады:

а) Ұн, арпа-бидай, өзге де дәнді-дақылдардан жасалған нан-тағам атаулары: арпа – *arpa* (арпа). 154-бет (I); ашлық – *aşlik* (астық. Оғыздар бидайды ашлық дейді). 145-бет (I); авзұры – *avzuri* (бидай мен арпа ұны секілді нәрселер араластырылып жасалатын тамақ, нан). 176-бет (I); бұғдай – *bugdai* (бидай). 296-бет (III); бұхсы – *buhsi* (тағамның бір түрі. Қайнатып, пісірілген бидайдың үстіне аршылған бадам қосылады, үстіне бал, сүт құйып ашытады. Дайын болғанда бидайын жейді, суын ішеді). 483-бет (I); бұскеш – *byskes* (шелпек). 513-бет (I); бұшкел – *buşkel* (жұқа нанның бір түрі, хақандықтар тілінде). 541-бет (I); бұлдұны – *bulduny* (ішіне жүзім немесе мейіз салып ұннан пісіретін тағам). 551-бет (I); ебек – *evek* (балалар тілінде нан дегені). 98-бет (I); етмек – *etmek* (нан). 134-бет (I); қара етмек – *kara etmek* (нан тағамының бір түрі, ет сүйектерінен ажырап түскенше қайнатылып, езілгенше пісіріледі. Үстіне ұн, май, шекер салып, қоюланғанша қайнатылады, сосын жейді. 276-бет (III); иарма – *iarma* (жарма). 41-бет (III); иұға – *iuga* (жұқа нан, жұқа жайма нан, шелпек). 33-бет (III); иүгүр – *iugur* (тары, үгүр деп те айтады). 13-бет (III); көзмен – *kozmen* (күлше нан). 504-бет (I); көмеш – *komeş* (көмеш. Ошақтағы шоққа көміп пісіретін нан). 418-бет (I); күршек – *kurşek* (тары, сөкті суға не сүтке қайнатып, үстіне май қосып жейтін тағамның түрі). 539-бет (I); күвшек – *kuvşek* (жақсы қамырдан үлбіреп қабарған нан). 540-бет (I); қавық – *kavik* (қауақ, кебек, тары кебегі). 442-бет (I); қағұт – *kagut* (сөк тарыдан істелетін тағамның түрі). 467-бет (I); қақұрған – *kakurgan* (май қосып, тандырда не ошаққа пісірілген нан). 578-бет (I); құғұрмаш – *kugurmas* (қуырмаш, қуырылған бидай). 552-бет (I); құйма – *kuima* (құймақ, бір

түрлі майлы нан). 211-бет (III); қонақ – *konak* (тары мағынасында да қолданылады). 443-бет (I); тарығ – *tarig* (бидай. Түрік тайпаларының көпшілігінде бидай дейді. Тек оғыздар ғана осы сөзді тарығ, тары мағынасында қолданады, ал бидайды астық дейді). 431-бет (I); талқан – *talkan* (талқан). 500-бет (I); то – *to* (быламық секілді тағамның бір түрі, ыдысқа салып ашытылады, содан соң ішіледі). 258-бет (III); топ – *top* (тағамның бір түрі. Бидайды суға қайнатып, арпа қамырымен араластырады да, бір ыдысқа салып, киізге орап, ыстық жерге қояды, ертесіне жейді). 377-бет (I); тоқұш – *tokuş* (тоқаш). 416-бет (I); төгі – *togî* (ақталған тары, оғызша). 284-бет (III); түрмек – *turtek* (түрмек, ет немесе ірімшік, май қосып наннан әзірленетін тағам). 537-бет (I); тұтұрқан – *tuturkan* (күріш). 580-бет (I); сармашұқ – *sarmasuk* (кеспенің бір түрі, қамырды ұсақтап кесіп дайындайды, көбіне сырқат адамдар ішеді). 586-бет (I); сіншү – *sinşu* (қалың да емес, жұқа да емес бір нан, жайма нан, бәтер). 478-бет (I); сүме – *syte* (бөрттірілген бидай). 290-бет (III); шөрек – *şorek* (тоқаш, күлше). 448-бет (I); шұқмын – *şuktin* (жайма нанның бір түрі, қазанда су буына пісіріледі). 504-бет (I); ұн – *un* (бидайдың ұны мағынасында) 79-бет (I); үгре – *ugre* (кеспе; қамырдан дәмдірек болады). 158-бет (I); үгүр – *ugur* (тары). Бұл сөзді оғыздардан басқа бүкіл түркі жұрты қолданады. 84-бет (I); үспөрі – *Uspori* (ыстық күлге пісіріп, майға турап, үстіне шекер сеуіп жейтін нан). 172-бет (I).

ә) **Ет тағамдарына, мал жілігіне қатысты, балықтан және тауықтан жасалатын өнімдер, тағам атаулары:** бағыр – *bagir* (бауыр). 418-бет (I); балық – *balig* (балық). 437-бет (I); башған – *başgan* (салмағы елу-жүз ритл болатын үлкен балық). 497-бет (I); бөзрек – *bogrek* (бүйрек). 419-бет (I); иарын – *iarin* (жауырын сүйегі). 27-бет (III); иақры – *iakri* (іш май). 38-бет (III); иазұқ – *iazuk* (сүр, сүрленген ет). 21-бет (III); иұмұртға – *ıymurtga* (жұмыртқа). 566-бет (III); иілікліг – *iiliklig* (жіліктік, жілік сүйек). 63-бет (III); қартал ет – *kartal et* (туралған ет). 542-бет (I); қамышақ – *kamuşak* (шөміш балық). 547-бет (I); құдрұқ – *kudruk* (құйрық, қой құйрығы). 533-бет (I); мүн – *tun* (сорпа. Мен иағмалардан естідім: олар «сорпа келтір» дейтін жерлерде мүн келдүр дегенде сорпа әзірлеп әкеледі). 399-бет (I); самдүй – *samdui* (ыстық та емес, сұйық та емес, орташа күйдегі жанға жағымды тағам). 297-бет (III); соғұт – *sogut* (әсіп. Ішек ішіне күріш, ет пен хош иісті дәм-татулар салып пісірілген тағам). 414-бет (I); соқтұ – *soktu* (тағам. Бауыр, ет пен дәм-татымдылықтар араластырылып, ішекке толтырылады да, пісіріп жейді). 477-бет (I); сөклүншү – *soklunşi* (қуырдақ). 299-бет (III); сым – *sim* (сым-сымрақ, тамақтың бір түрі, пісірілген бас ұсақтап туралады да, дәмтату, тұздық қосылып ыдыста араластырылады, үстіне ашыған қатық қосады, ол сіңгеннен кейін желінеді (шігілше)). 171-бет (III); сөңүк – *sonuk* (сүйек). 474-бет (III); тақағұ – *takađu* (тауық тағамы). 506-бет (I); тұтмаш – *tutmaş* (түріктердің әйгілі тамақтарының бірі. Бұл тағамды жеп әрі сорпа суын ішкен. Мағынасы, өзіңді аш қойма, осы тамақты істеп же дегенді білдіреді). 513-бет (I); тоғрыл – *togryl* (ет пен дәм-татымдылықтар тығылған ішек). 542-бет (I); тоң ет – *ton et* (мұздап, тоң болып қалған ет). 459-бет (III); ілік – *ilik* (жілік). 103-бет (I); шабақ – *şabak* (шабақ. Түрік көлдерінде болатын кішкентай балықтың бір түрі). 439-бет (I).

б) **Сүт тағамдарына қатысты атаулар:** ағұз/ағұж – *ağuz* (уыз, уыз сүт). Қой қоздағаннан кейін шығатын уыз сүт. 85-бет (I); иағ – *iag* (май). 197-бет (III); иұқ – *iuk* (жұғын, қаспақ). 8-бет (III); қанақ – *kanak* (қаймақ, Арғу және бұлғар тілдерінде). 443-бет

(I); құрұт – *kurut* (құрт, сүттен істелген құрт). 414-бет (I); қымыз – *kimiz* (қымыз. Iшуге арнап, мес, сабаға құйып ашытқан жылқы сүті). 423-бет (I); қор – *kor* (айран ұйытқысы, айран немесе қымыздан ыдыс түбінде қалдырылған ұйытқы). 155-бет (III); сағ уағ – *sag iag* (сары май). 190-бет (III); соғұт – *sogut* (сүзбе, қарлұқша). 414-бет (I); сүзме – *suzme* (сүзбе, қатық сүзбесі). 493-бет (I); сүт – *sut* (сүт). 153-бет (III); тар – *tar* (тар, майдың тортасы). 155-бет (III); іздүк – *igdyk* (сүт пен қатықтан дайындалған, сүзбеге ұқсайтын тағам). 136-бет (I); ұдзытма – *udzitma* (сүзбе). 175-бет (I).

в) Жеміс-жидек, кептірілген жеміс атаулары: авиа – *avja* (айва, беке; беке жемісінің бір түрі). 145-бет (I); алма/алмыла – *alma/almila* (алма (оғызша)). 161-бет (I); амшуу – *amşui* (сарыөрік). 146-бет (I); армұрт – *armurt* (алмұрт). 126-бет (I); барған – *barğan* (мирт, мирта ағашының жемісі). 497-бет (I); бүкән – *bykan* (үнді қауыны). 460-бет (I); ерүк – *eruk* (шабдалы, өрік пен қара өрік сынды жемістердің бәрінің атауы, олар бір-бірінен бірді-екілі сипатпен ажыратылады: түлүг ерүк – шабдалы; сарығ ерүк – өрік; қара ерүк – қара өрік. 99-бет (I); женіштүрүк – *jenişturik* (бір ағаштың жемісі, үлкендігі жаңғақтай болады, жаздың басында ерте піседі, оны жейді, жемісі ақ не қызыл болады). 590-бет (I); иағақ – *iagak* (жаңғақ). 35-бет (III); иігде – *igde* (жиде). 37-бет (III); иемшен – *iemşen* (қыпшақ аймағында өсетін жемістің бір түрінің атауы). 44-бет (III); иеміш – *iemiş* (жеміс, миуа, көбіне ағаш жемісіне айтылады). 16-бет (III); күлі – *kyli* (жармай, дәнмен бірге кептірілген өрік, кептірілген шабдалы). 289-бет (III); қақ – *kak* (дән, сүйек. Ерүк қақы (өрік сүйегі)). 411-бет (II); қақұқ – *kakuk* (қақ, жарып кептірілген қақ). 164-бет (III); қазаңқұ – *kazanku* (шие). 502-бет (III); қағұн – *kagun* (қауын). 471-бет (I); қымыз алмыла – *kimiz almila* (қымыздық алма, қымызға ұқсас қышқыл алма). 423-бет (I); қат – *kat* (қат, тікенді бір ағаштың жемісі, оны сығып, қатыққа қосады). 182-бет (III); лімкен – *limken* (сары өрік). 503-бет (I); сенкеш/сенлеш – *senkeş/Senleş* (жаңғақтың үлкендігіндей тәтті алма. Ақ және қызыл түрлері бар). 515-бет (I)/494-бет (III); чахшақ – *şakşak* (кептірілген өрік пен мейіз, қарлұқша). 530-бет (I); хошүнек – *hoşunek* (хош иісті, әдемі, кішкентай, жұпар қауын). 547-бет (I); үскүш – *uskuş* (мейіз). 192-бет (I).

г) Көкөніс, шөп-шалғам, тұтынатын өсімдік атаулары: алуужын – *aluzin* (сабағы буын-буын бір өсімдік, жеуге болады). 168-бет (I); басар – *basar* (тау сарымсағы). 418-бет (I); бой – *boy* (жеуге болатын шөп, өсімдік). 175-бет (III); бүтүге – *butuge* (бақлажан). 507-бет (I); бүстелі/нүстүлі – *busteli/pustyli* (көкпек, жеуге болатын шөптің түрі). 511-бет/551-бет (I); егүркен – *egurken* (өсімдіктің бір түрі, ұрығын қарлұқ түріктері жейді). 190-бет (I); иақрықан – *iakrikan* (жаңғақтың үлкендігіндей, қызыл жемісі бар өсімдік). 67-бет (III); иам – *iam* (шөп-шалам). 9-бет (III); иаш-иұш – *iaş-iuş* (көкөніс). 178-бет (III); иарпұз – *iargriz* (жалбыз). 47-бет (III); иүгүрген – *iugurgen* (тары секілді дәні қызықай өсімдік, түрікмендер оны жейді). 66-бет (III); күвүркен – *kivurken* (тау сарымсақ, жуа, оғызша). 582-бет (I); күшғұнды – *kuşgundy* (пияз, шігілше). 552-бет (I); летү – *letu* (сұйық тағамның бір түрі, су, қар, мұз секілді нәрселерге қойып суытылады, ішіне көк салынады, салқындау үшін желінеді). 293-бет (III); сағнағұ – *sagnadu* (кептірілген асқабақ). 550-бет (I); сармұсақ/самұрсақ – *sarmusak/samursak* (сарымсақ). 586-бет (I); соғұн – *sogun* (пияз). 470-бет (I); тармаз – *tarmaz* (қияр). 518-бет (I); тұрма – *turma* (шалқан. Сәбізді сарығ тұрма, сары шалқан дейді). 491-бет (I); шамұша – *şamuşa* (жеуге болатын хош иісті шөп,

сары жоңышқа). 505-бет (I); ұғлы – *ugli* (Қашқарда өсірілетін тәтті, ақ сәбіз). 160-бет (I); іңліш – *inliş* (сарымсаққа ұқсайтын тау шөбінің түрі, кәуәппен жейді). 147-бет (I).

ғ)Сусын-шарап, ішімдік атаулары: ағартғу – *agartgu* (бидай жармасынан жасалған ішімдік, боза секілді). 581-бет (III); бегні – *begni* (бидай, тары және арпаға ұқсас нәрселерден жасалған ішімдік). 494-бет (I); бекмес – *Bekmes* (шырын, оғызша). 520-бет (I); бор – *bor* (шарап, боза). 154-бет (III); бұхсұм – *byksym* (боза, тары мен сөктен ашытылатын ішімдік). 544-бет (I); шағыр – *şagir* (шарап). 421-бет (I); ұхақ – *uhak* (өрік қағының сөлі, шырыны; оны ішеді, шәрбат әзірлейді). 153-бет (I).

д)Тамақ жасауда қолданылатын қоспа, дәмдеуіш атаулары: аш – *aş* (айранның ұйытқысы) 86-бет (I); иақрықан – *iakrikan* (тоң май). 67-бет (III); иім – *iim* (зығыр ұрығы, күнжіт өсімдігі сияқты, майы қолданылады). 29-бет (III); күч – *kuş* (күнжіт, күч иағы (күнжіт майы)). 154-бет (III); қатық – *katik* (қатық. Сірке, айран, құрт секілді тамаққа қатылатын нәрселер). 441-бет (I); мұрш/біблі – *murş/bibli* (бұрыш, қара бұрыш). 402-бет/491-бет (I); сінүт – *siput* (кашниш, тағамға қосатын шөптердің бірі (Қашқарша)). 414-бет (I); тұз – *tuz* (тұз). 157-бет (III); тұзлұқ – *tuzlyk* (тұздық). 529-бет (I); шағыр – *şagir* (шербет). 421-бет (I); шір – *şir* (май, шыр. Ашышта шір иоқ (Қазанда май жоқ)). 383-бет (I); Ұғұт – *uğut* (бидай шарабын жасауға арналған ашытқы). 80-бет (I).

е)Ас-тағамға қатысты қолданылған өзге де атаулар: азұқ – *azıq* (азық, ас-ауқат). 96-бет (I); азұқлұғ – *azıklug* (азықты, азығы бар адам). 179-бет (I); аш – *aş* (ауқат, ас. Айранның ұйытқысын да солай атайды). 111-бет (I); ашлық – *aşlik* (асхана). 145-бет (I); бұлғама – *bulgama* (майсыз, дәм-татусыз тағам). 550-бет (I); тамғақ – *tamgak* (тамақ). 530-бет (I); тамғалық – *tamgalyk* (бір кісілік дастархан). 586-бет (I); тартын – *tartyn* (ас-ауқат, басқа үйден келген тағам, әлдебір себентермен әкелінген табақ). 495-бет (I); теvсі – *tevsi* (теvсі, дастархан). 484-бет (I); тергү – *tergu* (мәзір. Дастарханда жаюлы түрлі-түрлі тағам-дәм). 489-бет (I); тұншұ – *tunşu* (адал ас, бір шөкім ас). 478-бет (I); тұтғұш – *tutguş* (жеңіл ауқат). 513-бет (I); салшы – *salşı* (аспаз). 579-бет (III) ішкү – *işku* (ішкілік, ішілетін нәрсе). 159-бет (I).

Орта ғасыр ескерткіші «Диуани лұғат ит-түрк» тілінде қазақтың ұлттық тағамы болып есептелетін *ет* (тоң *ет*, қартал *ет*), қазы, қымыз, құрт (құрым), сүзбе (сүзме), тары (тарығ), талқан, қаймақ, қатық сияқты тағам атаулары кездеседі.

Тары (тарығ) сөзі көне дәуірден дәнді-дақылдардың басты түрі ретінде қолданыста болған. Орта ғасырда тары (тарығ) сөзі бірнеше мағынаны білдірген: а) бидай, астық, дәнді-дақыл; ә) тары; б) егін шаруашылығы, тұқым: *егу*, *себу* етістігімен байланысты. М. Қашқари тарығ сөзінің түркі тайпаларының көпшілігінде бидай деп аталатынына, тек оғыздар ғана осы сөзді тарығ – тары мағынасында қолданатынына тоқталады (МҚ, I том, 431-бет). Бұл сөз көне дәуірде тарығ түрінде дыбысталғанымен, кейіннен қыпшақ тобына жататын тілдерге тән сөздің соңғы қ, ғ дыбыстарының түсіп қалуға бейімділігі нәтижесінде тары болып кеңінен қолданылған. Сонымен қатар тарығ сөзіне қосымшалар қосылып, тарығланды (дәнді болды), тарығлық (егін егетін жер), тарылы (дән сақталатын жер, қойма), тарычы (дихан) жаңа сөздерінің тууына себепші болған.

Орта ғасырдағы *тарығ* сөзінің қазіргі түркі тілдеріндегі қолданысы мынадай: қазақ, башқұрт, татар тілдерінде – *тары*, түрік, әзербайжан, түрікмен тілдерінде – *дари*, қырғыз тілінде – *таруу*, өзбек тілінде – *тариқ*, ұйғыр тілінде – *терик*, т.б. Қарақалпақ тілінде *тары* лексемасы екі мағынада қолданылады: а) егіннің ең соңында егілетін дәнді-дақылдың бір түрі; ә) сөк болатын дән. Ал өзбек тіліндегі *тариқ* сөзінің мағынасы – дәнді-дақыл, қырғыз тілінде *таруу* – дән мағынасын білдірген [32].

Қазақ тілінде *тары-талқан* қос сөзі бірге қолданылып, *тары* және *оның жармасы* деген мағынада жұмсалады. Қазіргі уақытта бірқатар түркі тілдерінде *тары* – дақыл мағынасында жұмсалса, тек хакас тілінде *тары* – *себу*, *егу*; *тарығ* – *егін* болып көнедегі тұлғасы мен мағынасын сақтап қалған. Сондай-ақ моңғол тілінде *талх* сөзі біздің түсінігіміздегі *нанды* білдірсе, бурят тілінің диалектісінде *таряа-талхан* қос сөзі *егін өнімі* мағынасында жұмсалған.

Түркі халықтарының дастархан мәзірінде *тарының* рөлі ерекше: *тарыдан тары көже* де дайындайды, оған қатық, ірімшік, сүзбе де қосқан. Кейбір түркі халқы *тарыдан белбайлы* дайындаған: оны дайындау технологиясы *тары гөже* дайындауға ұқсас, бірақ су қосқан, джугара ұны тағамға дәм берген [33]. Этнографиялық деректерге сүйенсек, таза *тарыны (сөк)* төмендегідей дайындаған: *тарыны жуып, суға қайнатып, кептіріп, қазанға қуырып алып, келіге түйген*. Халықтың дәстүрі мен тілдік таным мәдениетіндегі *тарының* маңыздылығын төмендегідей мәтелдерден көруге болады: «*тары жеген тарықпас*», «*тарысы бардың ырысы бар*», т.с.с.

Талқан – қуырылған бидай мен *тарыны* диірменге тартып, келіге түйгенде жасалатын майда ұнтақ. *Ол талқанға иағ қаттурды. – Ол талқанға май қостырды* (МҚ, I том, 500-бет). *Талқан* қазақ, қырғыз, татар, ұйғыр тілдерінде өзгеріссіз қолданылса, орта ғасырда қолданылған *йарма* сөзі *талқанның* баламасы ретінде түрік, әзербайжан, өзбек, түрікмен тілдерінде сақталған. Бүгінде *талқан* – тілімізде тамақ ретінде, *жарма* дәнді-дақылдардың майдаланып жарылған түрі, дәмді әрі құнарлы ас.

Ерте кезде *талқан* дайындаудың екі тәсілі болған: бірі – қол диірменге тарту, екіншісі – келіге түйю. *Талқан* тартқанда не түйгенде майдаланбай қалып қоятын түйіршіктерін «*талқанның сағы*» деп атаған. Оны табаққа салып екшеп, ұнтағынан бөліп алған. *Талқанды* кебегі көп тазартылмаған бидай ұнынан әзірлеуге де болады. Ата-бабаларымыз *талқанды* адамға күш-қуат беретін құнарлы тамақ ретінде санаған, оны майға, кілегейге не қаймаққа араластырып жеген, шайға да салған, жентке де қосқан. *Талқан* салған шай қою болып, тез суыған. Қойдың құйрық майына немесе жылқының майына араластырып, баяу жанған отқа қойып қуырылған *талқанды* «сары талқан» атаған. *Талқанды* қант салып, дастарханға құрғақ күйінде қойса да, сүт не айранға былғап жесе де тойымды болған.

Қымыз – бие сүтінен ашытылып жасалған тағамдық әрі дәрілік қасиеті күшті, қышқыл дәмді сусын. Ол өзінің тарихи дамуы барысында әр халықта әртүрлі деңгейде өндіріліп, сақталып, қолданылу түрлерін бастан кешірген. Түркі тілдерінің көбінде *kımız* (*қымыз*) формасында қолданылатын *қымыз* лексемасына түрік тілі сөздігінде былайша анықтама берілген: «*Kısırak sütünün mayalanmasıyla yapılan, az alkollü, ekşi bir Türk içkisi / Жылқы сүтін ашыту арқылы жасалатын аз алкогольді, қышқыл түрік сусыны*» [34].

Мұндағы *kısrak* сөзі түрік тілінде *dişi at* (ұрғашы жылқы) деген мағынаны береді. Қазақ халқында үйірге қосылмағандықтан, қысыр қалып құлындамаған жас байтал не биені *қысырақ* деп атайды. Негізі көне дәуірде қымызды түріктер де сусын ретінде қолданған және олар қымызды қазақтар сияқты бие сүтінен дайындап қана қоймай, сиыр сүтінен де жасаған [35]. Орта ғасырда қымыздың бір атауы ғана қалыптасқан болса, қазіргі қазақ тілінде қымыздың түрі мен атауы да көбейген: *сіргежияр қымыз* (бие ағыту ғұрпында ішілетін қымыз), *уыз қымыз/май қымыз* (жаңа туған бие сүтінің уызы тарқамаған кезде жасалған қымыз), *саумал қымыз* (ашылған қымыздың үстіне жаңа сауылған сүттен қосып пісу арқылы дайындап қарттар мен балаларға беретін жұмсақ қымыз), *бала қымыз* (жаңа ашып келе жатқан қымыз), *жас қымыз* (жаңа ашыған, сабадан енді ғана қотарылған қымыз), *тай қымыз* (екі күн ашытқан қымыз), *түнemel қымыз* (сабадағы қымыздың үстіне саумал құйылып, пісуін әбден қандырып, екі тәулік сақталған қымыз), *құнан қымыз* (үш түнеген қымыз), *дөнен қымыз* (төрт күн түнеген қымыз), *бесті қымыз* (бес түнеген қымыз), *асау қымыз* (бес күннен көп түнеп күшті ашыған қымыз), *жуас қымыз* (қатты ашымаған бапты қымыз), *қысырдың қымызы* (қыста қысыр сауып ашытқан қымыз), *қысырақтың қымызы* (алғаш құлындаған құлық биенің қымызы), *қорбалы/қорланған қымыз* (қордың үстіне сүт құйып, бірнеше күн жиналған мол қымыз), *сары қымыз* (жаз ортасында, шөп әбден пісіп, буыны қатқан кезде жасалған қымыздың түсі сарғылт тартады), *ысталған қымыз* (арнайы арша немесе адыраспан сияқты емдік шөптермен ысталған сабада дайындалған қымыз), *айнымал/айныған қымыз* немесе *татып кеткен/татымал қымыз* (ысталмаған, күтімсіз ыдыста немесе мезгілінде қотарылмай өз қасиетіп жойып, бұзылған қымыз), *қолбала қымыз* (аз ғана көлемде ашытылған қымыз), *бал қымыз*, *өтірілген қымыз*, *көбіршек/қойыртпақ қымыз*, желдірме қымыз, тосап қымыз, қара қымыз, т.б.

Орта ғасырда *айран* лексемасының ішер ас ретіндегі түркі дүниесінде алар орны ерекше болған. Ескерткіш тілінде айранға *сүттен жасалған өнім* деген сипаттама берілген. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда айранға мынадай анықтама беріледі: «*Айран* – пісірілген сиыр, қой, ешкі сүтінің жылы кезінде ашытқы (айран, қаймақ) қосып, ұйытып дайындайтын қышқыл дәмді ақ тағам түрі. Айран әрі сусын орнына да жүреді. Ыстықтау болса, сарысуланып іріп, тым салқын болса, ұйымай қоятындықтан, қанжылым етіп алған соң мөлшері бір шелек (қазан) ыдыстағы сүтке шамамен оның оннан бір бөлігіндей ұйытқыны қосып, баяу араластырып, аузын мықтап жауып, суып қалмас үшін жылылап орап таң асырады» [36].

Қазіргі қазақ тілінде айранның халық арасында таралған *қатық айран*, *кілегей айран*, *қойыртпақ*, *шалап* сынды түрлері бар. Қазақтарда түріктердегідей топтанып тамақ жеу дәстүрі кең таралған, алайда әр тағамның қасына айран қойыла бермейді. Ал Анадолыда келген қонақтарға негізгі тағамға қоса айранның бірге берілуі ежелден келе жатқан бір дәстүр болып саналады екен [37].

Айранның қазақ және түрік халықтарына маңызы соншалық – ол туралы тұрақты тіркестер, оралымдар мен мақал-мәтелдердің күнделікті өмірде, әдеби тілде де жиі қолданылып, байытып отырады, мәселен: *Айран ішер*. Адамдардың сырт көзге, әсіресе

дұшпан көзділерге көрсете ұстайтын затты. Ол зат көбінесе мақтан үшін, біреуге белгілі бір әсер қалдыру үшін қолданылады. *Айран сұрап келіп, шелегіңді жасырма*. Айтарыңды ірікпей айт, қаймықпа, тайсалма, жасырма деген мағынада жұмсалады. *Айран-асыр болды*. Аң-таң болды, таң-тамаша болды, қайран қалды, таңырқады дегенді білдіреді. *Айрандай ұйып отыр*. Өте тату, ауызбірлігі күшті, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып отыр. *Ayranım budur yarısı sudur* (тура аудармасы: Айраным – бұл, жартысы – су.) – жасалған істің жартысының қалай болса, солай істелгенін білдіру үшін қолданылады. *Ayranı kabarmak* тура мағынасында «айраны көтерілу» мағынасын берсе де, ауыспалы мағынада біреуге өкпелеуді білдіреді. *Ayranı yok içmeğe, atla gider gezmeğe* оралымының мағынасы «ішерге айраны болмаса да, қыдыруға атпен шығу үшін әуреленетін адам» мағынасын береді. Бұл айтылғандардан басқа да *Ayran gönüllü* (тез ғашық болатын адамды), *Ayran delisi* (қызуқанды), *Ayran ağızlı* (мылжың), *Ayran dudalası* (ақымақ) сынды адамның мінез-құлқына қатысты фразеологиялық тіркестер де кездеседі [34].

Қатық сөзі орта ғасырларда тамаққа қосатын қоспа және *тұтмаш* тамағына қосатын ащы тұздық, астатым дегенді білдірген. Қазіргі кезде *қатық* сөзінің мағынасы нақтыланып, *ас қатық, көже қатық, шай қатық* деп те айтамыз. *Қатық* сөзінің екінші мағынасы – құрт жасау үшін айранды сүзу арқылы алынған қоймалжың сүзбе. М. Қашқари еңбегінде берілген *иоғұрт* сөзі осы мағынада жұмсалған.

Йоғұрт/йогурт лексемасы қазіргі уақытта өзге тілден енген термин ретінде көрінуі мүмкін. Ал лингвистикалық талдаулардың нәтижесінде оның көне түркілерге тиесілі төл сөз болғанын және қазіргі түркі тілдеріне әртүрлі дәрежеде сіңісіп, орын алғанын байқау қиын емес. Көне түркі тіліндегі *ұйыған сүт, ашыған сүт* мағынасын беретін *yuğrut* лексемасы орта ғасырларда метатеза процесін бастан кешіріп, *yuğurt* формасын иеленген. Одан әрі түркі тілдерінде төмендегідей формаларда орнығады: ноғай тілінде – *yuvirt*, қырым татарларында – *yoğrut/yoğrut*, әзербайжан тілінде – *yoğurd* және т.б. Түрік тілінің сөздігі бойынша: «*yoğurt – maya katılarak koyulaştırılmış beyaz kıvamlı süt ürünü*» [34], яғни сүтке «мая» деп аталатын затты қосу арқылы қоюландырылған сүт өнімі деген түсіндірмеге ие болады. Осылайша қазақ тіліндегі *қатық айран, кілегей айран, қойыртпақ, шалап* сынды атаулар *айран* ұғымының бір ғана таңбаға сыймай, оның негізінде жасалған жаңа өнімдерге негіз болғандығын көрсетеді. Айранның түрік және қазақтардағы жасалу жолын және оның жасалуына негіз болатын өнімдерді де ескере отырып, түрік тіліндегі *yoğurt* қазақтың жалпы айран деген лексемасына, ал түріктердегі *ayran* қазақтың *шалап* деп аталатын айранға су қосып сұйылту арқылы дайындалатын түріне сәйкес келеді деген тұжырымды да жасауға болады.

Ескерткіш тілінде *құртқа* осылай түсіндірме берілген: «*құрұт – kurut* (құрт, сүттен істелген құрт)». Түрікшеде *kurut* формасында кездесетін *құрт* лексемасы қазақ тілінде фонетикалық редукцияға ұшырағанын көруге болады. Түркияда *құрт* елдің аймақтарына қарай әртүрлі атқа ие болып келеді. Кеңінен танылған атау *kurut* болғанымен, Болу өңірінде *keş*, Сирт өңірінде *geşk*, Бинголь өңірінде *keşk, çörten, torak, terne*, Мардин айналасында *çortan* деген атаулар да қолданылады [38]. Ал қазақ халқы құртты дайындау ерекшеліктеріне байланысты *ақ құрт, май құрт, қара құрт, қызыл құрт, көкшағыл, шағырмақ, шағылдақ құрт, ащы құрт, ақ түймеш және торақ құрт,*

шытырма, тораба құрт, ежігей құрт деп жіктеген. Жасалған пішіміне қарай күлше, шүйірмек, жарма, баспа, сықпа, дөңгелек құрт деген де атаулар бар [36].

Ескерткіш тілінде ұшырасатын, қазіргі қазақ халқына таңсық, орта ғасырда түркі халықтары пісіріп дайындаған (көрші орналасқан тайпа-халықтардың да тағамы бар болуы мүмкін) ас-тағам атауларын атап өткен орынды, олар: авзұры – *avzuri* (бидай мен арпа ұны секілді нәрселер араластырылып жасалатын тамақ; бұхсы – *buhsi* (тағамның бір түрі, қайнатып, пісірілген бидайдың үстіне аршылған бадам қосылады, үстіне бал, сүт құйып ашытады, дайын болғанда бидайын жейді, суын ішеді); бұлдұны – *bulduny* (ішіне жүзім немесе мейіз салып ұннан пісірілетін тағам); қара етмек – *kara etmek* (нан тағамының бір түрі, ет сүйектерінен ажырап түскенше қайнатылып, езілгенше пісіріледі, үстіне ұн, май, шекер салып, қоюланғанша қайнатылады, сосын жейді); күршек – *kurşek* (тары, сөкті суған не сүтке қайнатып, үстіне май қосып жейтін тағамның түрі); қағұт – *kagut* (сөк тарыдан істелетін тағамның түрі); топ – *top* (тағамның бір түрі, бидайды суға қайнатып, арпа қамырымен араластырады да, бір ыдысқа салып, киізге орап, ыстық жерге қояды, ертесіне жейді); сармашұқ – *sarmaşuk* (кеспенің бір түрі, қамырды ұсақтап кесіп дайындайды, көбіне сырқат адамдар ішеді); мүн – *tun* (сорпа, мен иағмалардан естідім: олар «сорпа келтір» дейтін жерлерде мүн келдүр дегенде сорпа әзірлеп әкеледі); самдұй – *samdui* (ыстық та емес, сұйық та емес, орташа күйдегі, жанға жағымды тағам); соғұт – *sogut* (әсіп, ішек ішіне күріш, ет пен хош иісті дәм-татулар салып пісірілген тағам); соқтұ – *soktu* (тағам, бауыр, ет пен дәм-татымдылықтар араластырылып, ішекке толтырылады да, пісіріп жейді); сым – *sim* (сым-сымрақ, тамақтың бір түрі, пісірілген бас ұсақтап тұралады да, дәмдеуіштер, тұздық қосылып ыдыста араластырылады, үстіне ашыған қатық қосады, ол сіңгеннен кейін желінеді (шігілше)); тұтмаш – *tutmaş* (түріктердің әйгілі тамақтарының бірі, бұл тағамды жеп әрі сорпа суын ішкен: мағынасы, өзіңді аш қойма, осы тамақты істеп же дегенді білдіреді); тоғрыл – *togryl* (ет пен дәм-татымдылықтар тығылған ішек); іздүк – *igdyk* (сүт пен қатықтан дайындалған, сүзбеге ұқсайтын тағам); летү – *letu* (сұйық тағамның бір түрі, су, қар, мұз секілді нәрселерге қойып суытылады, ішіне көк салынады, салқындау үшін желінеді); бұлғама – *bulgama* (майсыз, дәм-татусыз тағам). Байқағанымыздай, орта ғасырда түркі халықтарының ас мәзірі өте бай, толыққанды, дәмді болған. М. Қашқари иағма тайпасының тағамдарын да атап өтеді, бұл ас мәзірінің көнеден қалыптасқанын айғақтайды. Сонымен қатар летү тағамының құрамы қазіргі окрошкаға ұқсас екенін байқай отырып, түркі халықтары өзге халықтардың да тағамдарын жасай білгеніне көз жеткізуге болады.

Қазіргі қазақ халқының қолданысындағы бауырсақ, шелпек, тоқаш нан түрлері де орта ғасырда былайша аталған: бүскеш – *byskes* (шелпек); бүшкел – *büşkel* (жұқа нанның бір түрі, хақандықтар тілінде); етмек – *etmek* (нан); иұға – *iuga* (жұқа нан, жұқа жайма нан, шелпек); көзмен – *kozmen* (күлше нан); көмеш – *komeş* (көмеш, ошақтағы шоққа көмін пісірілетін нан); күвшек – *kuvşek* (жақсы қамырдан үлбіреп қабарған нан); қақұрған – *kakırğan* (май қосып, тандырда не ошаққа пісірілген нан); құйма – *kuıta* (құймақ, бір түрлі майлы нан); тоқұш – *tokuş* (тоқаш); сіншү – *sinşu* (қалың да емес, жұқа да емес бір нан, жайма нан, бәтер); шөрек – *şorek* (тоқаш, күлше); шұқмын – *şuktin* (жайма нанның

бір түрі, қазанда су буына пісіріледі); үгре – *ugre* (кеспе; қамырдан дәмдірек болады); үспөрі – *uspori* (ыстық күлге пісіріп, майға турап, үстіне шекер сеуіп жейтін нан), т.б.

Түркі халықтарының пайдаланған жеміс-жидектерін ескерткіш тілінен анықтай отырып, орта ғасырда айва жемісінің өзіне де түркілер беке ағашының жемісі деген атау бергені ерекше назар аудартады. Ескерткіш тіліндегі жеміс-жидек атаулары мынадай: *авиа* – *avja* (айва, беке; беке жемісінің бір түрі); *алма/алмыла* – *alma/almila* (алма (оғызша)); *амшуу* – *amşui* (сарыөрік); *армұрт* – *armurt* (алмұрт); *барған* – *bargan* (мирт, мирта ағашының жемісі); *бүкән* – *bykan* (үнді қауыны); *ерүк* – *eruk* (шабдалы, өрік пен қара өрік сынды жемістердің бәрінің атауы, олар бір-бірінен бірді-екілі сипатпен ажыратылады: түлүг ерүк – шабдалы; сарығ ерүк – өрік; қара ерүк – қара өрік); *женіштүрүк* – *jenişturik* (бір ағаштың жемісі, үлкендігі жаңғақтай болады, жаздың басында ерте піседі, оны жейді, жемісі ақ не қызыл болады); *иігде* – *iigde* (жиде); *иемшен* – *ietşen* (қыпшақ аймағында өсетін жемістің бір түрінің атауы); *иеміш* – *ietiş* (жеміс, миуа, көбіне ағаш жемісіне айтылады); *қазанқұ* – *kazanku* (шие); *қағұн* – *kađun* (қауын); *қымыз алмыла* – *kimiz almila* (қымыздық алма, қымызға ұқсас ұйықыл алма); *лімкен* – *limken* (сары өрік); *сенкеш/сенлеш* – *senkeş/senleş* (жаңғақтың үлкендігіндей тәтті алма, ақ және қызыл түрлері бар); *хошүнек* – *hoşunek* (хош иісті, әдемі, кішкентай, жұпар қауын).

Орта ғасырдағы түркі халықтары ас-тағам дайындауда көкөністерді де, шөп-шалғамды да жақсы тұтынған: *басар* – *basar* (тау сарымсағы); *иңліш* – *inliş* (сарымсаққа ұқсайтын тау шөбінің түрі, кәуәппен жейді); *шамұша* – *şatuşa* (жеуге болатын хош иісті шөп, сары жоңышқа); *иам* – *iam* (шөп-шалам); *егүркен* – *egurken* (өсімдіктің бір түрі, ұрығын қарлұқ түріктері жейді); *иақықан* – *iakrikan* (жаңғақтың үлкендігіндей, қызыл жемісі бар өсімдік); *бүстелі/нүстүлі* – *busteli/pustyli* (көкпек, жеуге болатын шөптің түрі); *бой* – *boy* (жеуге болатын шөп, өсімдік); *алужын* – *aluzin* (сабағы буын-буын бір өсімдік, жеуге болады); *сағнағұ* – *sagnadu* (кептірілген асқабақ); *ұғлы* – *ugli* (Қашқарда өсіретін тәтті, ақ сәбіз), т.с.с.

Қорытынды

Жазба ескерткіштер тілі мен түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі материалдарына сүйеніп, тіл туыстығын зерттегенде ең бірінші жүгінеріміз – дыбыс. Мағынасы бірдей болғанымен, дыбысталуында айырмашылығы бар лексемалар тіл білімінде фонетикалық варианттар деп аталады. Мұндай фонетикалық варианттар қазіргі қазақ тілін көне түрк, орта ғасыр ескерткіштері тілімен салыстырғанда ерекше көзге түседі және әр түрлі дыбыс сәйкестіктерін түзеді [39]. Ескерткіш тіліндегі тағам атауларында и~ж: *иарма-жарма*, *иұға-жұқа*, *иағақ-жаңғақ*, *иігде-жиде*, *иеміш-жеміс*, *иілік-жілік*, *иұмұртға-жұмыртқа*; е~ө: *ерүк-өрік*; і~ж: *ілік-жілік*; ғ~у: *қағұн-қауын*, *бағыр-бауыр*; д~й: *құдрұқ-құйрық*; р~л: *армұрт-алмұрт*; ш~с: *ашлық-астық*, *аш-ас*; б~п: *тебсі-тепсі*; л~д: *тұзлық-тұздық*; ұ~ы: *азұқ-азық*; м~б: *мұрш-бұрыш*, *сүзме-сүзбе*, т.б. фонетикалық дыбыс сәйкестіктері орын алған.

Тарихтың терең қатпарларынан, көне түрк дәуірінен де арғы замандардан қалыптасқан лексикалық қор орта ғасыр жазба ескерткіші «Диуани лұғат ит-түрк»

еңбегінен де айқын көрініп, қазіргі заманда ұлт тілдерінің – түркі халықтары тілдерінің қалыптасуына ұйытқы болған. Әр дәуір, әр кезең белгілі бір мөлшерде түркілік сөздік қорда өз ізін қалдырып, әсерін тигізіп отырған, соның нәтижесінде фонетикалық, лексикалық, морфологиялық өзгерістер орын алған.

Қаржыландыру

Мақала AP22786207 «Қашқаританудың ғылыми-әдіснамалық және қолданбалы мәселелері: «Диуани лұғат ит-түрік» жазба ескерткішін ұлттық сананы жаңғыртудың лингвистикалық факторы контекстінде зерттеу» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі / аударған А.Қ.Егеубай. – Алматы: Хант, 1997. – Т.1. – 590 б.; 1997. – Т.2. – 525б.; 1998. – Т.3 – 597 б.
2. Махмуд ал-Кашгари. Диван Лугат ат-Турк // перевод, предисловие и комментарии З.-А.М.Ауезовой. Индексы составлены Р.Эрмерсом. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 1288 с.
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: Мектеп, 1971. – 277 б.
4. Досмұхамедұлы Х. «Диуани лұғат ат түрк» // «Сана» журналы. – 1923. –№ 6-7. – Б. 23-26.
5. Divanü Lügat-it-Türk tercümesi. Çeviren Besim Atalay, 3 cilt. – Ankara: Türk tarih kurumu basimevi, 1985. – С.1. – 530 s. – С.2. – 366 s. – С.3. – 452 s.
6. Clauson G. An Etymological of Pre-Thirteenth-Century Turksih. – Oxford University press 1972. – 989 p.
7. Kelly J.M. Remarks on Kaşdari's Phonology: II. Orthography // Ural-Altaiche Jahrbücher. – 1975. – Bd. 45. – P. 144-162.
8. Ülkütaşır M.Ş. Büyük Türk Dilçisi Kaşgarlı Mahmut: Hayatı. Şahsiyeti. Divanü Lügat'ı. – İstanbul: Cumhuriyet Matbaası, 1946. – 138 s.
9. Ахаллы С. Словарь Махмуда Кашгарского и туркменский язык (на туркменском языке). – Ашхабад, 1958. – 251 с.
10. Стеблева И.В. К анализу типа повествования в поэтических текстах из «Диван лугат ат-турк» Махмуда ал-Кашгари // Turcologica: К семидесятилетию академика А.Н.Кононова / Отв. ред. С.Г.Кляшторный, Ю.А.Петросян, Э.Р.Тенишев. – Москва: Наука, 1976. – С. 319-324.
11. Боровкова. Т.А. Грамматический очерк языка «Дивану лугат ит-турк» Махмуда Кашгари: Автореф. канд. дисс. – Ленинград 1966. – 15 с.
12. Халидов А.Б. Словари Исхака ал-Фараби и Махмуда ал-Кашгари: (Из истории лексикографии в Средней Азии X-XI вв.) // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов востока. – Москва, 1987. Ч. 4. – 67 с.
13. Наджип Э.Н. Исследования по истории тюркских языков XI-XIV вв. – Москва: Наука, 1989. –120 с.
14. Кэшкэри Мэхмут. Түркий тиллар дивани (Дивану лугати т-түрк) / Мэс'ул муһэррири Ибраһим Мути'и. – Үрүмчи: Шинжаң хэлк нэшрийати, 1981. – Т.1; – 1984. – Т.2.; – 1984. – Т.3.

15. Tryjarski E. Kultura Ludów turckich w świetle przekazu Mahmuda z Kaszgaru (XI w.) – Warszawa: Polska Akademia nauk, 1993. – 364 s.
16. Ermers R. Arabic Grammars of Turckic. – Leiden: Köln 1999. – 320 p.
17. Махмуд ал-Кашгари Диван лугат ат-турк (Свод тюркских слов) / пер. : А.Р.Рустамов; ред.: И.В.Кормушин. – М.: Восточная литература, 2010. – Т. 1 – 461 с.
18. Махмуд Кашгари. Түрк тилдеринин сөздүгү-Дивану лугати’т-түрк./ которгондор: Т.Токоев, К.Кошмоков. КР УИАнын академиги А.Акматалиевдин жалпы редакциясы астында. – Бишкек, 2011. – Т.1. – 906 б.
19. Kaşğarlı Mahmut. Dîvânü lûgati’t-Türk. / çeviren Huseyin Düzgün. – Tebriz, 2004. – 623 s.
20. Щербак А.М. Названия домашних и диких животных в тюркских языках // Историческое развитие лексики тюркских языков. – М.: АН СССР. Институт языкознания, 1961. – С. 82-172.
21. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. / от. ред. Тенишев Э.Р. – М.: Наука, 1997. – 506 с.
22. Кононов А.Н. Махмуд Кашгарский и его «Дивану лугат ат-турк» // Советская тюркология. – 1972. – №1. – С. 3-17.
23. Томанов М. Махмұд Қашқари // Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары (IX-XIX).- Алматы, 1964. - 153-166 б.
24. Құрышжанов А. Түркі тілдері бойынша алғашқы зерттеу жұмысы туралы (Махмұт Қашғари еңбегінің 900 жылдығына) // Исследования по тюркологии. – Алма-Ата, 1969. – 276 с.
25. Кайдаров А.Т. Уникальный лексикографический труд // Вестник АН Каз ССР, Вып.2. – 1960. – С.109-111.
26. Махмуд Қашқари. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») / тәржімалағандар: Қ.Бекетаев, Ә.Ибатов. – Алматы: Ана тілі 1993. – 192 б.
27. Әлжанов Қ. М.Қашқари: дүниетаным айшықтары // Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.). – Алматы: Ғылым, 1995. – С. 98-120.
28. Қоңыратбаев Ә. Қарахан мемлекеті тұсындағы жазбалар. Көне мәдениет жазбалары. – Алматы: Қазақ университеті, 1995. – Б. 76-88.
29. Brockelmann C. Mitteilurkis-er Wortschatz nach Mahmud al-Kasgaris Divan Lugat at-Turk. – Budapest-Leipzig, 1928.
30. Велидов Дж. О Словаре турецких языков Махмуда Кашгарского. // Вестник научного общества татароведения. – Казань, 1927. Т. 7. – С. 107-112.
31. Х.С.Ходжаев «Дивани лугати тюрк» Махмуда Кашгарского // Труды Азербайджанского филиала АН СССР. Лингвистическая серия, 31. – Баку, 1936. – С. 274-278.
32. Жылқыбаева А.Ш. Салт-дәстүрдің тілдегі көрінісі (түркі тілдері негізінде). – Өскемен, 2004. – 846 б.
33. Икрамова Н.М. Узбекская кулинарная лексика: Автореферат дис. канд. наук. – Ташкент, 1983. – 245 с.
34. Türkçe Sözlük. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 1998. – 178 p.
35. Yılmaz, L., Kurdal, E. // Eskimeyen bir sür içkisi: kımız. Gıda ve yem bilimi teknolojisi. – Dil Araştırmaları. – 2002. – P. 101-110.
36. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: Алем Даму интеграция, 2017. – 832 б.

37. Süren, T., Kizileli, M. // Geleneksel Türk İçecekleri. ANHVÜ Turizm Fakültesi Dergisi, 2021. №24 (1). – P. 46-71.
38. Dinçel, E., Alçay, A.Ü. Kurut ve Türk Mutfağında Kullanımı // Aydın Gastronomy. – №1(2). – 2017. P. 31-39.
39. Қазақ тілінің шығу тарихы. Фонетика. I том. – Алматы: «Алдоңғар» мәдениет дамыту қоры, 2013. – 236 б.

References

1. Makhmut Kashkari. Tyrik cozdigi [Turkish dictionary] (Almaty, 1997, 590 p.) [in Kazakh].
2. Makhmud al-Kashgari. Divani Lugat at-Turk [Divan Lugat at-Turk] (Almaty, 2005, 1288 p.) [in Russian].
3. Aidarov G., Kuryshanov A., Tomanov M. Kone turki zhazba eskerkishterinin tili [The language of ancient Turkic written monuments] (Almaty, 1971, 277 p.) [in Kazakh].
4. Dosmuhameduly H. Diuani lugat at turk [Divan Lugat at-Turk] Sana jurnaly [“Sana” magazine], 6-7, 23-26 (1923) [in Kazakh].
5. Divanü Lügat-it-Türk tercümesi. Çeviren Besim Atalay, 3 cilt. (Türk tarih kurumu basimevi, Ankara, 1985, 530 p.) [in Turkish].
6. Clauson G. An Etymological of Pre-Thirteenth-Century Turksih (University press, Oxford, 1972, 989 p.).
7. Kelly J.M. Remarks on Kaşgari’s Phonology: II. Orthography, Ural-Altaihe Jahrbücher, 144-162 (1975).
8. Ülkütaşır M.Ş. Büyük Türk Dilçisi Kaşgarlı Mahmut: Hayatı. Şahsiyeti. Divanü Lugat’ı. [Great Turkish Linguist Mahmud of Kashgar: His Life. His Personality. His Divanu Lugat] (Cumhuriyet Matbaası, İstanbul, 1946, 138 p.) [in Turkish].
9. Akhally S. Slovar’ Makhmyda Kashgarskogo I turkmenskii iazyk [Dictionary of Mahmud Kashgar and Turkmen language] (Ashkhabat, 1958, 251 p.) [in Turkmen].
10. Stebleva I.V. K analizu tipa povestvovaniia v poeticheskikh tekstakh iz “Divan lugat at-turk” Makhmuda ak-Kashgari [On the analysis of the type of narration in poetic texts from “Divan lugat al-Turk” by Mahmud al-Kashgari] (Moscow, 1976) [in Russian].
11. Borovkova T.A. Gramatisheskii ocherk iazyka “Divani lugat it-turk” Makhmuda Kashgari [A grammatical sketch of the language “Divani lugat it-Turk” by Mahmud Kashgari] (Leningrad, 1966) [in Russian].
12. Khalidov A.B. Slovari Iskhaka al-Farabi i Mahmuda al-Kashgari: (Iz istorii leksikografii v Srednej Azii X-XI vv.) [Dictionaries of Ishaq al-Farabi and Mahmud al-Kashgari: (From the history of lexicography in Central Asia in the 10th-11th centuries)] (Moscow, 1989, 67 p.) [in Russian].
13. Nadzhip E.N. Issledovaniia po istorii tyurkskih yazykov XI-XIV vv. [Research on the history of Turkic languages in the 11th-14th centuries] (Moscow, 1989, 120 p.) [in Russian].
14. Keshkeri Mehmud. Turkii tillar divani (Divanu lugati t-tyrk) [Turkiy tillar divani (Divanu lugati t-turk)] (Urumchi, 1981) [in Turkish].
15. Tryjarski E. Kultura Ludów turckich w świetle przekazu Mahmuda z Kaszgari (XI w.) (Warszawa, 1993, 364 p.).
16. Ermers R. Arabic Grammars of Turkic (Leiden, 1999, 320 p.).

17. Mahmud al-Kashgari. Divan lugat at-turk (Svod tyurkskih slov) [Divan lugat at-turk (Code of Turkic words)] (Moscow, 2010, 461 p.) [in Russian].
18. Mahmud Kashgari. Turk tilderinin sozdigi-Divanu lugati't-turk [Dictionary of Turkic languages-Divanu lugati't-turk] (Bishkek, 2011, 906 p.) [in Kyrgyz].
19. Kaşgarlı Mahmut. Dîvânü lûgati't-Türk (Tebriz, 2004, 623 p.) [in Turkish].
20. Sherbak A.M. Nazvaniia domashnih i dikih zhitovnyh v tyurkskih yazykah [Names of domestic and wild animals in Turkic languages] (Moscow, 1961) [in Russian].
21. Sravnitel'no-istoricheskaiia grammatika tyurkskih yazykov [Comparative-historical grammar of the Turkic languages] (Moscow, 1997, 506 p.) [in Russian].
22. Kononov A.N. Mahmud Kashgarskij i ego «Divanu lugat at-turk» [Mahmud of Kashgar and his "Diwan lugat at-Turk"] (Moscow, 1972) [in Russian].
23. Tomanov M. Orta Aziia men Kazakstannyn uly galymdary (IX-XIX g.) [Great scientists of Central Asia and Kazakhstan (IX-XIX centuries)] (Almaty, 1964) [in Kazakh].
24. Kuryshzhanov A. Turki tilderi boynsha algashky zertteu zhumysy turaly [About the first research work on Turkic languages] (Almaty, 1964) [in Kazakh].
25. Kaidarov A.T. Unikal'naia leksikograficheskii trud [A unique lexicographic work] Vestnik AN Kaz SSR [Bulletin of the Academy of Sciences of the Kaz SSR] Is. 2, 109-111 (1960) [in Russian].
26. Mahmud Kashkari. Tybi bir turki tili («Diwani lugat it-turk») [The bottom is one Turkish language ("Diwani Lugat it-Turk")] (Almaty, 1993, 192 p.) [in Kazakh].
27. Alzhanov K.M. Kashqari: dunietanym aishyktary [Kashkari: world view] (Almaty, 1995) [in Kazakh].
28. Konyratbaev A. Karahan memleketi tusyndagy zhazbalar. Kone madeniet zhazbalary [Records during the Karakhan State. Ancient culture records] [Kashkari: world view] (Almaty, 1995) [in Kazakh].
29. Brockelmann C. Mitteilurkis-er Wortschatz nach Mahmud al-Kasgaris Divan Lugat at-Turk (Budapest, 1928).
30. Velidov Dzh. O Slovare tureckih yazykov Mahmuda Kashgarskogo [About the Dictionary of Turkish Languages by Mahmud of Kashgar] Vestnik nauchnogo obshchestva tatarovedeniya [Bulletin of the Scientific Society of Tatar Studies], 7, 107-112 (1927) [in Russian].
31. Hodzhaev H.S. «Divani lugati tyurk» Mahmuda Kashgarskogo ["Divani lugati turk" by Mahmud of Kashgar] (Baku, 1936) [in Russian].
32. Zhylykbaeva A.Sh. Salt-dasturdin tildegi korinisi (turki tilderi negizinde) [Expression of traditions in language (based on Turkic languages)] (Oskemen, 2004, 846 p.) [in Kazakh].
33. Ikramova N.M. Uzbekskaia kulinarnaia leksika [Uzbek culinary vocabulary] (Tashkent, 1983, 245 p.) [in Russian].
34. Türkçe Sözlük (Ankara, 1998, 178 p.) [in Turkish].
35. Yılmaz L., Kurdal E. Eskimeyen bir sür içkisi: kıymız. Gıda ve yem bilimi teknolojisi. – Dil Araştırmaları, 2002, 101-110 p.) [in Turkish].
36. Kazaktyn etnografiyalık kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhujesi. Entsiklopediia [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names. Encyclopedia] (Almaty, 2017, 832 p.) [in Russian].
37. Süren, T., Kizileli, M. Geleneksel Türk İçecekleri. AHBVÜ Turizm Fakültesi Dergisi 1, 46-71 (2021) [in Turkish].
38. Dinçel, E., Alçay, A.Ü. Kurut ve Türk Mutfağında Kullanımı, 1 (2), 31-39 (2017) [in Turkish].

39. Kazak tilinin shygu tarihy. Fonetika. I tom. [The history of the origin of the Kazakh language. Phonetics. Volume I.] (Almaty, 2013, 236 p.) [in Kazakh].

М.М. Косыбаев, Б.С. Жиёмбай, А.Р. Халметов

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Использование названий блюд в современных тюркских языках из памятника

М. Кашгари «Дивани лугат ит-тюрк»

Аннотация. Важное место на пути возрождения глубоко укоренившейся тюркской цивилизации занимает изучение письменных памятников, представляющих собой историю, язык, литературу, культуру, быт, мифологические религиозные верования и материальные ценности тюркских народов. Среди актуальных вопросов-всесторонняя дифференциация языка памятника Махмуда Кашгари «Дивани лугат ит-тюрк», который является общим наследием не только казахских, но и всех тюркских народов, раскрытие этнокультурного содержания языковых единиц, раскрывающих мировоззрение и бытие средневековых тюрков. В статье рассмотрено количественно-тематическая классификация наименований блюд в труде Махмуда Кашгари «Дивани лугат ит-тюрк» («Тюркский словарь») и рассмотрена их этимологическая основа.

Ключевые слова: средневековье, письменный памятник, Махмуд Кашгари, труд «Дивани лугат ит-тюрк», этимология, названия блюд.

M.M. Kossybayev, B.S. Zhiyembay, A.R. Khalmetov

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

The use of names of dishes in modern Turkic languages from the monument

of M. Kashgari "Divani lugat it-Turk"

Abstract. An important place on the path of the revival of the deeply rooted Turkic civilization is occupied by the study of written monuments representing the history, language, literature, culture, way of life, mythological religious beliefs and material values of the Turkic peoples. Among the topical issues is the comprehensive differentiation of the language of Mahmoud Kashgari's monument "Divani lugat it-Turk", which is a common heritage not only of Kazakh, but also of all Turkic peoples, the disclosure of the ethnocultural content of linguistic units that reveal the worldview and existence of medieval Turks. The article considers the quantitative and thematic classification of the names of dishes in the work of Mahmoud Kashgari "Divani lugat it-Turk" ("Turkic Dictionary") and examines their etymological basis.

Keywords: the Middle Ages, a written monument, Mahmud Kashgari, the work "Divani lugat it-Turk", etymology, names of dishes.

Авторлар туралы мәлімет:

Қосыбаев М.М. – PhD, Халықаралық қатынастар факультетінің деканы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Жиёмбай Б.С. – PhD, Түркітану кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Халметов А.Р. – Түркітану кафедрасының PhD докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Kossybayev M.M. – PhD, Dean of the Faculty of International Relations, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Zhiyembay B.S. – PhD, Senior Lecturer at the Department of Turkology, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Khalmetov A.R. – PhD student, Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).